ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 14 тамыз №5265-23-00-2/1715 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты Л.Н.Калдиеваның төрағалығымен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Сарыағаш ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Мега» Килибаев Эркин Бекенович

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
2.тұрақсыздықты өндіру

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

1) Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272-бабына сәйкес, міндеттемелер міндеттеменің шартына және заң талаптарына сәйкес, тиісінше орындалуы тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабы 4-тармағы бірінші бөлігінің 3)-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Аталған Заң нормасының 5-тармағына сай осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Жауапкер мемлекеттік сатып алу туралы 2023 жылғы 30 мамыр № 81 шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындамаған, белгіленген мерзімде жұмыстар орныдалмаған.

Осыған байланысты, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабын заңды және қанағаттандырылуға жатады деп табады.

Құжатқа қол қойылған: Калдиева Л. Н., 14.08.2023
Заңды күшіне енген күні: 25.09.2023, судья Калдиева Л. Н., 25.09.2023
5265-23-3-1/1891

2) АК-нің 293-бабына сәйкес, тұрақсыздық (айыппұл) - заңнамамен, немесе келісім-шартпен анықталған, борышкер міндеттемелерді орындамағанда, немесе тиісінше орындамағанда, сонымен бірге мерзімінен кешіктіргенде несие берушіге төлеуге міндетті ақшалай сома болып табылады.

Келісім-шарттың 8.3 тармағына сәйкес, жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда тапсырыс беруші орындаушы міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда орындаушыдан мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 пайыз мөлшерінде тұрақсыздық айыбын ұстап қалады (өндіріп алады) немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда орындалмаған міндеттемелер сомасынан 0,1 пайыз мөлшерінде тұрақсыздық айыбын ұстап қалады (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 10 пайызынан аспауы тиіс.

Талап қоюшының есебі бойынша тұрақсыздық айыбы 19 күнге шарттың орындалмаған құны 950 500 теңгеден 0,1 пайыз 18 059,5 теңгені құрайды.

Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекеттің пайдасына 2 267 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 - баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Сарыағаш ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Мега» Килибаев Эркин Бекенович мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Мега» Килибаев Эркин Бекеновичтен мемлекеттің пайдасына 18 059,5 (он сегіз мың елу тоғыз) тенге 50 тиын тұрақсыздық төлемі мен 2 267 (екі мың екі жүз алпыс жеті) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат Шымкент қалалық

Құжатқа қол қойылған: Калдиева Л. Н., 14.08.2023
Заңды күшіне енген күні: 25.09.2023, судья Калдиева Л. Н., 25.09.2023
5265-23-3-1/1891

сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы келтіруі мүмкін.

Судья **Л.Н.Калдиева**

Құжатқа қол қойылған: Калдиева Л. Н., 14.08.2023

Заңды күшіне енген күні: 25.09.2023, судья Калдиева Л. Н., 25.09.2023

5265-23-3-1/1891